6.5. Қарыз беруші Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен Өтініш беруші/Қарыз алушы үшін Офертаның/Микрокредит беру туралы шарттың талаптарын оларды жақсарту жағына қарай бір жақты тәртіппен өзгертуге құқылы.

6.6. Қарыз беруші Өтінім беруші жіберген Өтінім/Оферта, сондай-ақ өтінім беруші ұсынған кез келген қосымша ақпараттың негізінде микрокредит беру немесе беруден бас тарту туралы шешімді қабылдайды.

6.7. Қарыз беруші Микрокредит беру туралы шарт жасасудан мынадай жағдайларда бас тартады:

6.7.1. Өтініш беруші/Қарыз алушы осы Ережелерде көрсетілген талаптарға және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес келмейді;

6.7.2. Өтініш беруші/Қарыз алушы қажетті құжаттарды ұсынбаған;

6.7.3. Өтініш беруші/Қарыз алушы ұсынған құжаттар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес келмейді;

6.7.4. Өтініш беруші/Қарыз алушы туралы деректердің осы Ережелерде белгіленген микрокредит беру шарттарына сәйкес келмеуі;

6.7.5. Өтініш беруші/Қарыз алушының дәйексіз ақпаратты ұсынуы;

6.7.6. Өтініш беруші/Қарыз алушыда Қарыз берушінің алдында бұрын берілген микрокредит үшін өтелмеген берешегінің болуы;

6.7.7. Қарыз берушінің Өтініш берушінің/Қарыз алушының ықтималды төлем төлеуге қабілетсіздігі туралы ақпаратты, Өтініш берушінің/Қарыз алушының үшінші тұлғалар алдындағы өз міндеттемелерін тиісінше орындамағаны, кредит төлеу қабілетінің төмендігі туралы мәліметтерді және Өтініш берушінің/Қарыз алушының Микрокредит беру туралы шарт талаптарын орындамауы мүмкін тәуекелін көрсететін ақпаратты алуы;

6.7.8. Өтініш беруші/Қарыз алушының дербес деректерді жинауға, беруге және өңдеуге келіспеуі, сондай-ақ осы Ережелердің және Дербес деректерді өңдеуге қатысты саясаттың шарттарына қосылмауы;

6.7.9. Өтініш беруші/Қарыз алушының Ереженің 6.5 тармағына сәйкес құжаттарды ұсынудан бас тартуы;

6.7.10. Қарыз берушінің қарап шешуіне байланысты, бас тарту себептерін түсіндірместен, басқа да негіздер бойынша.

6.7.11. Қарыз беруші Өтініш берушіге/Қарыз алушыға микрокредит беру немесе Өтініш берушімен/Қарыз алушымен Микрокредит беру туралы шартты жасасудан бас тарту жөнінде қабылдаған шешімі туралы кез келген қолжетімді тәсілмен, соның ішінде электронды пошта және/немесе ұялы телефонға SMS-хабарлама және/немесе интернет-сайтта/мобильдік қосымшада хабарлау және/немесе қоңырау шалу арқылы хабарлайды.

6.8. Қарыз берушінің құқықтары:

6.8.1. Өтініш берушінің/Қарыз алушылардың карточкалық шотты иелену және пайдалану заңдылығын тексеру үшін Қарыз беруші шоттан 100 (жүз) теңге шегіндегі соманы есептен шығаруы немесе шотта бұғаттауы мүмкін, бірақ міндетті емес. Бұл соманы Қарыз беруші (сома есептен шығарылған жағдайда) немесе төлем жүйесі (сома бұғатталған жағдайда) бір банктік күн ішінде шотқа қайтарады.

6.8.2. банк шотына билік етудің заңдылығын тексеру үшін Өтініш беруші/Қарыз алушы Қарыз берушінің талабы бойынша өзінің жеке банк шотынан қарыз берушінің банк шотына 10 (он) теңге көлемінде ақша аударымын немесе Өтініш беруші / Қарыз алушының қалауы бойынша кез келген басқа соманы жіберуі тиіс. Қарыз беруші Өтініш беруші / Қарыз алушыға нақты сөйлемді хабарлайды. Оны төлемді тағайындауда көрсету қажет (мысалы: «Микрокредитті беру туралы шарт жасасуға келісемін»).

6.9. Нақтылаушы ақпарат алу үшін Өтініш беруші/Қарыз алушы Байланыс орталығына телефон қоңырауын шалу арқылы Қарыз берушіге хабарласа алады.

7. Өтінім/Офертаны акцепттеу және микрокредит беру тәртібі

7.1. Қарыз берушінің өтінімді/Офертаны акцептеуі Қарыз берушінің Офертаның/өтінімнің барлық талаптарымен келісетінін білдіреді, Акцепт Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларына сәйкес Микрокредит беру туралы шарт жасасуға тең, бұл тараптардың Микрокредит беру туралы шарт жасасуын білдіреді.

7.2. Өтінім/Оферта акцепті жағдайында Қарыз беруші осы Ережелерде баяндалған параметрлер мен шарттарды ескере отырып, Өтінім беруші Өтінімде/Офертада мазмұндаған тәсілмен Өтінімде/Офертада белгіленген мөлшерде

ақшалай қаражатты біржолғы беру түрінде Өтініш беруші/Қарыз алушыға микрокредит береді.

7.3. Микрокредит сомасын банк шотына аударған жағдайда қарыз алушының шотына ақша қаражатының түсу мерзімі Микрокредит беру туралы шарт жасалған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен аспайды.

7.4. Микрокредит сомасын Қарыз алушыға аудару күні/микрокредит сомасын банкке, микроқаржы қызметін жүзеге асыратын ұйымға (Қарыз алушының берешегін қайта қаржыландыру үшін микрокредит берген жағдайда) аударған күні немесе таңдалған микрокредит алу тәсіліне байланысты Қарыз берушіге ақша қаражатын беру бойынша қызмет көрсететін Қарыз берушінің/ компанияның бөлімшелері арқылы қолма-қол ақша қаражатын берген күні Қарыз алушыға микрокредит беру сәті болып танылады. Бұл сәт Қарыз берушінің Өтінімді/Офертаны акцептеуі болып табылады, осы күннен бастап Микрокредит беру туралы шарт жасалған болып есептеледі және Қарыз алушы Қарыз берушінің алдында өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін әрекет етеді.

7.5. Қарыз алушы мен Қарыз беруші арасында жасалған Микрокредит беру туралы шарттың шеңберінде жүргізілетін барлық төлемдер қолма-қол және қолма-қол ақшасыз нысанда жүзеге асырылады.

8. Сыйақыны есептеу тәртібі

8.1. Қарыз алушы микрокредитті пайдаланғаны үшін Қарыз берушіге Микрокредит беру туралы шартта көрсетілген мөлшерде сыйақы төлеуге міндетті.

8.2. Микрокредитті пайдаланғаны үшін сыйақы Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органының нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ өнім талаптарына сәйкес микрокредит сомасына есептеледі және микрокредит берілген күннен бастап Микрокредит беру туралы шарттарда көрсетіледі.

8.3. Микрокредитті пайдаланғаны үшін сыйақы осы Ережеде және Микрокредит беру туралы шартта белгіленген талаптарда микрокредит сомасын қайтарумен бірге бір рет төленеді.

9. Жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін есептеу тәртібі

9.1. Қарыз беруші сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесінің есебін жүргізеді:

9.1.1. микрокредит беру туралы шартты, микрокредит беру туралы шартқа қосымша келісімдерді жасасу күніне;

9.1.2. қарыз алушының ауызша немесе жазбаша талабы бойынша;

9.1.3. микрокредит беру туралы шартқа қарыз алушының ақшалай міндеттемелерінің сомасын (көлемін) және (немесе) оларды төлеу мерзімін өзгертуге әкеп соғатын өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда.

9.2. Қарыз алушының ақшалай міндеттемелері сомасының (көлемінің) және (немесе) оларды төлеу мерзімінің өзгеруіне әкеп соғатын микрокредит беру туралы шарттың талаптары өзгерген кезде, жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің нақтыланған мәнін есептеу микрокредит беру туралы шарттың қолданылу мерзімі басталғаннан бастап қарыз алушымен жүргізілген микрокредит бойынша төлемдерді есепке алмай, шарттары өзгертін күнге микрокредитті өтеудің қалған мерзімі берешегінің қалдығын негізге ала отырып жүргізіледі.

9.3. Қарыз беруші берілетін микрокредиттер бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін мынадай формула бойынша есептейді:

$$\sum_{j=1}^n \frac{S_j}{(1 + APR)^{t_j/365}} = \sum_{i=1}^m \frac{P_i}{(1 + APR)^{t_i/365}}$$

мұнда:

n - қарыз алушыға соңғы төленген төлемнің реттік нөмірі;

j - қарыз алушыға төленген төлемнің реттік нөмірі;

S_j - қарыз алушыға төленген j-төлемінің сомасы;

APR - жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі;

t_j - микрокредит берілген күннен бастап қарыз алушыға j төленген сәтке дейінгі уақыт кезеңі (күнмен);

m - қарыз алушының соңғы төлемінің реттік нөмірі;

i - қарыз алушы төлемінің реттік нөмірі;

P_i - қарыз алушы төлемінің i сомасы;

t_i - микрокредит берілген күннен бастап қарыз алушының i төлем сәтіне дейінгі уақыт кезеңі (күндермен).

9.4. Егер сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесін есептеу кезінде алынған санның белгісі бір ондық белгіден артық болса, ол мынадай тәсілмен ондық үлеске дейін дөңгелектеуге жатады:

9.4.1. егер жүзден бір бөлігі 5-тен үлкен немесе оған тең болса, оннан бір бөлігі 1-ге артады, одан кейінгі барлық белгілер алынып тасталады;

9.4.2. егер жүзден бір бөлігі 5-тен кем болса, оннан бір бөлігі өзгеріссіз қалады, одан кейінгі барлық белгілер алынып тасталады.

9.5. Негізгі борышты және (немесе) сыйақыны төлеу бойынша микрокредит беру туралы шарттың талаптарын сақтамауына байланысты туындаған Қарыз алушының төлемдерін (өсімпұлды, айыппұлды) қоспағанда, микрокредит бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің есебіне Қарыз алушының барлық төлемдері енгізіледі.

10. Микрокредитті қайтару (өтеу) және сыйақы төлеу тәртібі

10.1. Қарыз алушы микрокредит сомасын қайтаруға және есептелген Сыйақыны Микрокредит беру туралы шарттың талаптарына сәйкес төлеуге міндеттенеді.

10.2. Қарыз алушы Қарыз берушіге Микрокредит беру туралы шарт бойынша пайда болған берешекті өтеу есебіне оның банктік картасынан Қарыз берушінің шотына ақша аудару (төлем жүргізу) арқылы Микрокредит беру туралы шарт бойынша берешекті өтеуге құқық береді.

10.3. Микрокредит сомасын және есептелген Сыйақыны қайтару Микрокредит беру туралы шартта белгіленген микрокредит қайтарылған күні біржолғы төлеммен жүзеге асырылады.

10.4. Қарыз алушының Микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемелерін орындау тәсілін қоса алғанда, Қарыз алушының микрокредитті қайтару, ол бойынша Сыйақы төлеу тәсілдері:

10.4.1. төлемдерді қабылдау бойынша Қарыз берушіге қызмет көрсететін Қарыз берушінің/компанияның банктік шотына ақша қаражатын қолма-қол ақшасыз

аудару арқылы (комиссия мөлшері банк тарифтеріне сәйкес айқындалады және Қарыз алушы оны дербес төлейді);

10.4.2. банк картасының көмегімен интернет-сайттағы/мобильдік қосымшадағы Қарыз алушының жеке кабинетінде төлеу жолымен (комиссия мөлшері процессингтік орталықтың тарифтеріне сәйкес анықталады және Қарыз алушы өз бетінше төлейді);

10.4.3. Қарыз берушінің бөлімшесінде/агенттік желісінде қолма-қол ақшалай қаражатпен төлеу жолымен (комиссия компания тарифтеріне сәйкес алынады және Қарыз алушы оны өз бетінше төлейді).

10.4.4. Касса-24, Qiwi терминалдарын пайдалану арқылы ақша қаражатын төлеу арқылы (комиссия мөлшері КАССА-24, Qiwi терминалдық желісінің тарифтеріне сәйкес айқындалады және оны Қарыз алушы дербес төлейді).

10.4.5. Қарыз алушы Қарыз берушіге жіберілген өтініштің негізінде микрокредит сомасын мерзімінен бұрын өтеуге құқылы. Бұл ретте Қарыз алушы Қарыз берушіге Микрокредит беру туралы шартқа сәйкес микрокредит сомасын және Сыйақыны бір мезгілде төлейді.

10.5. Төлемнің кідіртуі болдырмау мақсатында ақшалай қаражатты берешекті төлеу шотына алдын ала аудару ұсынылады. Қарыз алушы Қарыз берушіге үшінші тұлғалардың сервистері арқылы ақша қаражатын аудару кезінде төлемдердің кешігу тәуекелін көтереді. Қарыз алушыдан қолма-қол ақшасыз аударымдарды жүзеге асырғаны үшін үшінші тұлғалар алатын комиссиялар мен басқа да төлемдерді төлеу Қарыз алушыға жүктеледі.

10.6. Қарыз алушының Микрокредит беру туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындаған сәті Қарыз берушінің/Қарыз берушіге төлемдер қабылдау бойынша қызмет көрсететін компанияның есеп шотына берешектің барлық сомасын аудару болып саналады.

10.7. Қарыз беруші ақшалай қаражатты алған кезде оларды Микрокредит беру туралы шарт бойынша берешекті өтеуге мынадай кезектілікпен жібереді:

10.7.1. Қарыз берушінің Микрокредит беру туралы шарт бойынша Қарыз алушының міндеттемелерін өтеуге байланысты шығыстары;

10.7.2. мерзімі өткен берешек болған кезде – өсімпұл (тұрақсыздық айыбы) сомалары;

10.7.3. есептелген Сыйақы;

10.7.4. микрокредит сомасы (Негізгі қарыз).

10.8. Егер Қарыз берушімен бірнеше қолданыстағы Микрокредит беру туралы шарт жасалған Қарыз алушыдан ақша қаражаты түсетін болса, онда төлем берешекті қайтару күні бұрын белгіленген Микрокредит беру туралы шарт бойынша берешекті өтеу есебіне есептеледі.

11. Микрокредит беру туралы шарттың талаптарын бұзғаны үшін тараптардың жауапкершілігі

11.1. Микрокредит беру туралы шарттың талаптарын бұзғаны үшін кінәлі тарап Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен зардап шеккен тарапқа келтірілген залалды өтеуге міндетті.

11.2. Микрокредитті беру туралы шартта көзделген мерзімде микрокредитті және есептелген Сыйақыны уақтылы қайтармағаны үшін, Қарыз алушы Қарыз берушінің талабы бойынша өнімнің талаптарына сәйкес Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес

есептелетін және Микрокредит беру туралы шарттарда көрсетілетін өсімпұлды (тұрақсыздық айыбын) төлеуге міндетті.

11.3. Өсімпұлды (тұрақсыздық айыбын) төлеу Қарыз алушыны Микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

11.4. Қарыз алушы Микрокредит беру туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау мерзімін өткізіп алған жағдайда, Қарыз беруші бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін сот органдарына жүгінуге құқылы.

11.5. Қарыз берушінің Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген Қарыз берушіге тиесілі ақша қаражатын қайтару бойынша өз құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін барлық қажетті шараларды пайдалануға құқығы бар. Осы іс-әрекеттерге байланысты барлық шығындарды Қарыз алушы көтереді.

11.6. Егер Қарыз алушы микрокредитті төлеу мерзімін өткізіп алса не Микрокредитті беру туралы шартта көрсетілген мерзімде берешекті толық өтеу үшін жеткіліксіз соманы аударса, Қарыз беруші «Бірінші кредиттік бюро» ЖШС-не Қарыз алушының төлем тәртібі туралы қолда бар жағымсыз ақпаратты бере алады.

11.7. Қарыз беруші Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Қарыз алушымен жасалған Микрокредит беру туралы шартта көзделген тәртіппен және шарттарда Микрокредит беру туралы шарт бойынша талап ету құқығын үшінші тұлғаға беруге құқылы.

11.8. Қарыз беруші өсімпұлдың (тұрақсыздық айыбының) мөлшері және оны есептеу жөніндегі талаптарды азайту жағына қарай біржақты тәртіппен өзгертуге құқылы.

11.9. Қарыз беруші сыйақы мөлшері туралы шарттарды азайту жағына қарай біржақты тәртіппен өзгертуге құқылы.

11.10. Қарыз алушы микрокредитті қайтару бойынша өзіне қабылдаған міндеттемелерін бұзған жағдайда, мерзімін өткізіп алуды қоса алғанда, Қарыз беруші өз қалауы бойынша берешекті өндіріп алу шараларын қолдануға құқылы, оның ішінде:

11.10.1. соттан тыс тәртіппен реттеу (келіссөздер, хат алмасу, медиация және т. б.);

11.10.2. Қарыз алушы микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін өткізіп алуға жол берген кезде коллекторлық агенттікті сотқа дейінгі өндіріп алуға және реттеуге тарту. Берешек сотқа дейін өндіріп алуда және коллекторлық агенттікте реттеуде болған кезеңде микроқаржы ұйымы берешекті өндіріп алу туралы сотқа талап қойып жүгінуге, берешек коллекторлық агенттікте жұмыста болған кезең үшін сыйақы төлеуді талап етуге, сондай-ақ негізгі борышты және сыйақыны уақытылы өтемегені үшін көрсетілген кезеңге тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) есепке жазуға құқылы емес;

11.10.3. атқарушылық жазба жасау үшін нотариусқа жүгіну;

Нотариустың атқарушылық жазбасы Қарыз берушінің өтініші негізінде Қарыз берушінің таңдауы бойынша жасалуы мүмкін:

- тіркелген жері бойынша (Қарыз алушының – жеке тұлғаның заңды мекенжайы);

- Қарыз алушының тұрғылықты жері бойынша (Қарыз алушымен жасалған сәтте Шартта көрсетілген жеке тұлғаның нақты мекенжайы);

- тұрғылықты жеріне, орналасқан жеріне немесе Қарыз беруші және/немесе Қарыз алушының тіркелген жеріне қарамастан, Қазақстан Республикасының кез келген нотариусының орналасқан мекенжайы бойынша;

11.10.4. талап арызбен немесе сот бұйрығын шығару туралы өтінішпен сотқа/арбитражға жүгіну;

11.10.5. заңнама талаптарына сәйкес құқықтарды басқаға беру шартын (цессия) жасасу арқылы өзінің талап ету құқықтарын үшінші тұлғаға беру;

11.10.6. Қарыз берушіде тиісті шарттар жасалған кредиттік бюроларға микрокредитті қайтару мерзімінің бұзылуы туралы деректерді беру;

11.10.7. төленбеген берешекті Микрокредит беру туралы шартта соттылығы көрсетілген сот тәртібімен өндіріп алу.

12. Кредиттік досье

12.1. Әрбір берілген микрокредит бойынша Қарыз беруші Қазақстан Республикасының уәкілетті реттеуші органының нормативтік құқықтық актілерінің және Қазақстан Республикасының заңнамасының және Қарыз берушінің кредиттік досьені жүргізу және сақтау процесін регламенттейтін ішкі құжатының талаптарын сақтай отырып, кредиттік досьені жүргізеді.

13. Өткізілетін акциялар

13.1. Қарыз беруші Микрокредит беру туралы шарттар бойынша акцияларды өткізуге құқылы. Нақты акция туралы шарттар Бұйрықпен бекітіледі, онда тиісті акцияны өткізудің негізгі параметрлері мен мерзімдері жазылады.

13.2. Қарыз беруші нақты акция туралы қосымша ақпаратты ресми интернет-сайтта және Қарыз берушінің бөлімшелерінде жариялау құқығын өзіне қалдырады.

14. Қорытынды ережелер

14.1. Осы Ережелер «Робокэш.кз» МҚҰ» ЖШС жалғыз қатысушысы бекіткен күннен бастап күшіне енеді.

14.2. Осы Ережемен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қарыз берушінің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес шешіледі.

14.3. Осы Ереженің кез келген өзгерістері мен толықтыруларын ережені бекіткен «Робокэш.кз» МҚҰ» ЖШС жалғыз қатысушысы бекітеді.

15. Қосымшалар тізімі

1 қосымша	Өнімнің карточкасы
2 қосымша	Микрокредит алуға өтініш
3 қосымша	Дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісім
4 қосымша	Кредиттік тарих субъектісінің кредиттік бюродан кредиттік есепті алушыға кредиттік есепті беруге келісімі
5 қосымша	Кредиттік тарих субъектісінің ол туралы ақпаратты кредиттік бюроларға беруге келісімі
6 қосымша	Салымшының (алушының) келісімі

Өнімнің карточкасы	
Клиенттерге қойылатын талаптар	
МАҚСАТТЫ топ	Жеке тұлға
Қарыз алушыға қойылатын талаптар	<p>2. Өтініш беруші/Қарыз алушы Қазақстан Республикасының азаматы не шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты бар шет мемлекеттің азаматы болуы тиіс.</p> <p>2. Жасы-18 (он сегіз) жастан кіші емес және 75 (жетпіс бес) жастан артық емес.</p> <p>3. Өтініш беруші/Қарыз алушы Оферта жіберу және Микрокредит беру туралы шарттың талаптарын орындау арқылы Микрокредит беру туралы шарт жасасу үшін қажетті және жеткілікті құқық пен өкілеттілікке, сондай-ақ құқық пен әрекетке қабілеттілікке ие болуы тиіс.</p> <p>4. Өтініш беруші/ Қарыз алушының Қазақстан Республикасының аумағында тұруға ықтиярхатына сәйкес тұрақты тіркеуінің не тіркеуінің болуы тиіс.</p> <p>5. Өтініш беруші / Қарыз алушының жеке басын куәландыратын негізгі құжаты, шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты болуы тиіс.</p> <p>6. Өтініш беруші / Қарыз алушы қарыз қаражаттарынан тұратын тұрақты табысқа ие болуы керек.</p> <p>7. Өтініш беруші / Қарыз алушыда Қазақстан Республикасында ұялы байланыс Операторының тіркелген ұялы телефон нөмірі болуы тиіс.</p> <p>8. Қарыз алушының терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың анықтамалығында болмауы тиіс.</p>
Өнімнің шарттары / өлшемшарттары	
Микрокредитті қолдану мақсаттары	Тұтынушылық мақсаттар, оның ішінде өзге банктерден/МҚҰ-дан тұтынушылық мақсаттарға алынған микрокредиттер/қарыздар бойынша кредиттік берешек қалдығын қайта қаржыландыру
Микрокредит валютасы	Теңге
Микрокредит сомасы	Ең төменгі сома – 10 000 (он мың) теңге. Ең жоғарғы сома - 50 АЕК (елу) айлық есептік көрсеткіш.
Микрокредит мерзімі	45 күнтізбелік күнге дейін
Қамтамасыз ету	Қамтамасыз етусіз

<p>Сыйақының шекті мәні</p>	<p>Күнтізбелік қырық бес күнге дейінгі мерзімге күніне 1 (бір) пайыздан аз, бірақ берілген микрокредит сомасының 20 (жиырма) пайызынан аспайды.</p> <p>Шарттың қолданылу мерзімін күнтізбелік қырық бес күннен асатын мерзімге ұзартқан кезде жеке тұлғамен жасалған микрокредит беру туралы шарт бойынша сыйақының ең жоғары мәні күніне 0,35 пайыздан аз мөлшерде белгіленеді.</p>
<p>Микрокредит беру және өтеу шарттары</p>	<p>3. Қарыз алушыға микрокредит беру сәті болып микрокредит сомасын қарыз алушыға аудару күні/микрокредит сомасын банкке, микроқаржы қызметін жүзеге асыратын ұйымға (қарыз алушының берешегін қайта қаржыландыру үшін микрокредит берген жағдайда) аударған күні немесе таңдалған микрокредит алу тәсіліне байланысты Қарыз берушіге ақша қаражатын беру бойынша қызмет көрсететін Қарыз берушінің/ компанияның бөлімшелері арқылы қолма-қол ақша қаражатын берген күні танылады. Бұл сәт Қарыз берушінің Офертаны акцептеуі болып табылады, осы күннен бастап Микрокредит беру туралы шарт жасалған болып есептеледі және Қарыз алушы Қарыз берушінің алдында өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін әрекет етеді.</p> <p>4. Қарыз алушы мен Қарыз беруші арасында жасалған Микрокредит беру туралы шарт шеңберінде жүргізілетін барлық төлемдер қолма-қол және қолма-қол ақшасыз нысанда жүзеге асырылады:</p> <p>2.1. микрокредит алуға Өтінім/ Оферта берген сәтте болуы тиіс Өтініш беруші/Қарыз алушы көрсеткен ағымдағы шотқа/карточкалық шотқа ақша қаражатын аудару арқылы;</p> <p>2.2. Қарыз берушінің/ клиенттерге ақша қаражатын беру бойынша Қарыз берушіге Қызмет көрсететін компанияның бөлімшесінде қолма-қол ақша қаражатын алу арқылы.</p> <p>3. Микрокредитті пайдаланғаны үшін сыйақы Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес Микрокредит беру туралы шартқа сәйкес микрокредит алған күннен бастап оны толық өтегенге дейінгі кезеңге микрокредит сомасына есептеледі.</p> <p>4. Микрокредитті өтеу әдісі: микрокредит сомасын және есептелген Сыйақыны қайтару Микрокредит беру туралы шартта белгіленген микрокредит қайтарылған күні біржолғы төлеммен жүзеге асырылады. Қарыз алушы берешекті қайтаруды жүзеге асырады:</p> <p>4.1. төлемдерді қабылдау бойынша Қарыз берушіге қызмет көрсететін Қарыз берушінің/компанияның банктік шотына ақша қаражатын қолма-қол ақшасыз аудару арқылы (комиссия мөлшері банк тарифтеріне сәйкес айқындалады және Қарыз алушы оны дербес төлейді);</p> <p>4.2. банк картасының көмегімен интернет-сайттағы/мобильдік қосымшадағы Қарыз алушының жеке кабинетінде төлеу жолымен (комиссия мөлшері процессингтік орталықтың</p>

	<p>тарифтеріне сәйкес анықталады және Қарыз алушы өз бетінше төлейді);</p> <p>4.3. Қарыз берушінің бөлімшесінде қолма-қол ақша қаражатымен төлеу жолымен.</p> <p>4.4. Касса-24, QIWI терминалдарын пайдалану арқылы ақша қаражатын төлеу арқылы (комиссия мөлшері КАССА-24, QIWI терминалдық желісінің тарифтеріне сәйкес айқындалады және оны Қарыз алушы дербес төлейді).</p> <p>4.5. Қарыз алушы Қарыз берушіге берілген өтініш негізінде микрокредит сомасын мерзімінен бұрын өтеуге құқылы. Бұл ретте Қарыз алушы Қарыз берушіге Микрокредит беру туралы шартқа сәйкес микрокредитті нақты пайдалану мерзімі үшін микрокредит сомасын және Сыйақыны бір мезгілде төлейді.</p>
<p>Өтеу кезектілігі</p>	<p>1. Шарт бойынша Қарыз алушы жүргізген төлемнің сомасы, егер ол шарт бойынша Қарыз алушының міндеттемесін орындау үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Қарыз алушының берешегін мынадай кезектілікпен өтеуге жіберіледі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) МҚҰ-ның орындауды алу бойынша шығындары (шығыстары); 2) шартта айқындалған мөлшерде мерзімі өткен берешек болған кезде – тұрақсыздық айыбының (айыппұл, өсімпұл) сомасы; 2) есептелген сыйақы; 3) микрокредит сомасы (негізгі қарыз). <p>2. Егер МҚҰ-мен бірнеше қолданыстағы шарттар жасалған Қарыз алушыдан берешекті өтеу есебіне ақша қаражаты түссе, онда өтеу мынадай тәртіппен жүргізіледі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) www.zaimer.kz интернет-сайттағы/ мобильдік қосымшадағы Қарыз алушының жеке кабинетінде немесе МҚҰ бөлімшесінде қолма-қол ақшалай қаражатпен төленген жағдайда www.zaimer.kz банк картасының көмегімен Қарыз алушы алдымен өтейтін Микрокредит беру туралы шартты дербес таңдайды. 2.) МҚҰ-ның банктік шотына ақша қаражатын қолма-қол ақшасыз аудару арқылы немесе КАССА-24 терминалдарын немесе төлемдерді қабылдауды жүзеге асыратын өзге де компанияны пайдалану арқылы ақша қаражатын төлеу арқылы төлеген жағдайда, төлем берешекті қайтару күні бұрын белгіленген Шарт бойынша берешекті өтеу есебіне есептеледі.
<p>Шарттық міндеттемелерді орындамағаны үшін айыппұл санкциялары</p>	<p>1. Микрокредит беру туралы шартта көзделген мерзімде микрокредит сомасын және есептелген Сыйақыны уақтылы қайтармағаны үшін Қарыз алушы ақы төлеуге міндетті:</p> <p>1.1. Микрокредит беру туралы шарт бойынша микрокредит сомасын қайтару және (немесе) сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемені бұзғаны үшін мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттеме сомасының 0,5 пайызынан аспайтын тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) мөлшері. Өсімпұлды (тұрақсыздық айыбын) есептеу Қарыз алушының Микрокредит беру туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау мерзімін өткізіп алған күнінен басталады, бірақ мерзімін өткізіп алудың қатарынан күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен аспайды.</p>

Мерзімінен бұрын өтеу мүмкіндігі	Микрокредитті мерзімінен бұрын толық (ішінара мерзімінен бұрын) өтеу кез келген уақытта мүмкін.
Ең аз құжаттар пакеті*	<p>8. Қарыз алушыдан микрокредит алуға өтініш (электрондық нысан).</p> <p>9. Қарыз алушыдан БЖЗК/БКБ-ға сұрау салуға өтініш-келісім (түпнұсқа немесе электрондық нысан).</p> <p>10. Кредиттік тарих субъектісінің Қарыз алушы туралы ақпаратты кредиттік бюроларға беруге келісімі (түпнұсқа немесе электрондық нысан).</p> <p>11. Кредиттік тарих субъектісінің кредиттік бюродан кредиттік есепті алушыға Қарыз алушы туралы кредиттік есепті беруге келісімі (түпнұсқа не электрондық нысан);</p> <p>12. Қарыз алушының дербес деректерін жинауға және өндеуге келісім (түпнұсқа немесе электрондық нысан).</p> <p>13. Жеке сәйкестендіру нөмірінің (ЖСН) мазмұны бар Қарыз алушының жеке басын куәландыратын құжат (көшірмесі).</p> <p>14. Еңбек сіңірген жылдары үшін зейнеткерлікке шыққан Клиенттер үшін зейнетақы куәлігі (көшірмесі).</p> <p><i>* Қарыз берушінің талабы бойынша Қарыз алушының борыштық жүктемесінің коэффициентін есептеуге қажетті өзге де құжаттар сұратылуы мүмкін.</i></p>

«Робокэш.кз» МҚҰ» ЖШС басшысына

Торутаев Алмаз Қадырбекұлы мырзаға

{fio}-дан

ЖСН {iin}

Ұялы телефон № {phone}

электрондық пошта мекенжайы: {email}

Микрокредит алуға өтініш

Сізден {goal} мақсатында, қамтамасыз етуді ұсынусыз, {period} ({period_to_string}) күнтізбелік күнге {amount} ({amount_to_string}) теңге сомасында микрокредит беруіңізді сұраймын.

Қосымша кіріс көздерінен соңғы алты айдағы дебеттік картаны толтырудың орташа айлық сомасы мынаны құрайтыны туралы ақпаратты растаймын:

р/с №	Ай	Сом
7.		
8.		
9.		
10.		
11.		
12.		

Осы өтінішке қол қоя отырып, кепілсіз банктік қарыз және микрокредиттер бойынша күнтізбелік алпыс күннен астам, республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің бес еселенген мөлшеріне тең немесе одан асатын мөлшерде мерзімі өткен берешегі жоқтығын, сондай-ақ атаулы әлеуметтік көмек алушы болып табылмайтынымды растаймын.

Өз мүддемде әрекет ететінімді растаймын.

Толтырылған күні {date}.{month}.{year} ж.

√{signature}

(Қарыз алушының қолы)

{fio}

(Қарыз алушының Т.А.Ә.)

Приложение №3
к Правилам предоставления микрокредитов
ТОО «МФО «Робокэш.кз»

\$(date).\$(month).\$(year) ж.

от \$(date).\$(month).\$(year). года

Дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісім

Согласие на сбор и обработку персональных данных

\$(date).\$(month).\$(year) ж., жергілікті уақыт
\${hour} сағат \${minute} минут

\$(date).\$(month).\$(year).года, местное время
\${hour}.часов \${minute}.минут

Мен, \${fio}, ЖСН \${iin}, \${date_v} ж. №\${id_number},
\${address}

Я, \${fio}, ИИН \${iin}, №\${id_number}, от \${date_v},
\${address}

«Робокэш.кз» МҚҰ ЖШС-не (бұдан әрі – «МҚҰ»),
БСН 200940013491, мына әрекеттерді жасауға сөзсіз
келісімімді беремін:

Даю ТОО «МФО «Робокэш.кз», далә – «МФО», БИН
200940013491, безусловное согласие:

(1) менің дербес деректерімді, яғни маған қатысты
және электронды, қағаз және (немесе) басқа да
материалдық тасымалдағышта тіркелген, МҚҰ алған
немесе оның қызметі барысында және/немесе азаматтық-
құқықтық және МҚҰ мен менің арамыздағы басқа да
қатынастар шеңберінде белгілі болған мына дербес
деректерімді: тегімді, атымды, әкемнің атын (бар болған
жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірімді, жеке басымды
куәландыратын құжатымның нөмірі мен қолданылу
мерзімін, ұялы телефондарымның нөмірлерін,
электронды поштамның адресін, банктік шотымның
деректемелерін (IBAN) және/немесе төлем картамының
деректемелерін, тұрғылықты мекенжайымды/тіркелген
мекенжайымды, фотосуретімді, менің бейнем мен
дауысым жазылған бейне-, аудиоматериалдарды қоса
алғандағы, бірақ олармен шектелмейтін барлық
мәліметтерді жинауға және өңдеуге;

(1) на сбор и обработку моих персональных данных,
то есть всех сведений, относящихся ко мне и
зафиксированных на электронном, бумажном и (или)
ином материальном носителе, включая, не ограничиваясь
следующими персональными данными: фамилия, имя,
отчество (при наличии), индивидуальный
идентификационный номер, номер и срок действия
документа, удостоверяющего личность, номера
телефонов сотовой связи, адрес электронной почты,
реквизиты банковского счета (IBAN) и/или реквизиты
платежной карточки, адрес проживания/адрес прописки,
фото, видео, аудиоматериалы с моим изображением и
голосом, полученные МФО или ставшие известны в
процессе его деятельности и/или в рамках гражданско-
правовых и иных отношений между мной и МФО;

(2) менің дербес деректерімді үшінші тұлғаларға
беруге, оларды өңдеу процесін жүзеге асыру үшін дербес
деректерімді трансшекаралық беруге;

(2) на передачу моих персональных данных третьим
лицам, трансграничную передачу персональных данных,
для осуществления процесса их обработки;

(3) дербес деректерімді жалпыға қолжетімді
дереккөздерде таратуға.

(3) на распространение персональных данных в
общедоступных источниках.

МҚҰ-ның дербес деректерімді жинауға және
өңдеуге, сондай-ақ менің төлем қабілеттілігімді бағалау,
жеке басымды куәландыру (сәйкестендіру), Заңға
және/немесе МҚҰ мен менің арамызда
жасалған/жасалатын барлық және кез келген шарттардың
аясында және оларға сәйкес менің микрокредиттерді
алуыма және МҚҰ-ның оларға қызмет көрсетуіне
байланысты басқа да қажетті әрекеттерді жүзеге асыру
үшін қажет болатын дербес деректерімді МҚҰ-мен
шарттық қатынастары бар үшінші тұлғаларға беруге
(соның ішінде трансшекаралық беруге) құқылы екендігін
растаймын.

Подтверждаю, что МФО вправе осуществлять сбор
и обработку персональных данных, а так же передачу
(включая трансграничную передачу) моих персональных
данных, необходимых для оценки моей
платежеспособности, подтверждение личности
(идентификации), третьим лицам, связанным с МФО
договорными отношениями, и для осуществления иных
необходимых действий, связанных с получением мною и
обслуживанием МФО микрокредитов в рамках и в
соответствии с Законом и/или всеми и любыми
договорами, заключенными/заключаемыми между мной
и МФО.

Осы Дербес деректерді жинауға және өңдеуге

Настоящее Согласие на сбор и обработку
персональных данных выдано без ограничения срока
действия.

келісім жарамдылық мерзімін шектеусіз беріледі.

Бұл ретте маған Заң бойынша менің немесе менің заңды өкілімнің осы Келісімді оны қайтарып алу Заңға қайшы келетін жағдайларда немесе МҚҰ-ның немесе МҚҰ мүдделеріне қатысы болуы мүмкін үшінші тұлғалардың алдында орындалмаған міндеттемелерім болған жағдайда қайтарып алуға құқылы емес екендігім белгілі.

Осы арқылы, МҚҰ Заңның және/немесе уағдаластықтарымыздың талаптарын сақтаған жағдайда, оған алдағы уақытта дербес деректерімді жинауына және өңдеуіне қатысты қандай да бір кінәрат-талаптарымның болмайтындығын растаймын.

Аты-жөні

\$_{fio}\$

Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңының 8-бабына сәйкес, келісімдер жазбаша түрде немесе электронды құжат нысанында, соның ішінде ұялы байланыстың абоненттік нөміріне \$_{number_phone}\$ қысқа мәтіндік хабарлама (SMS) түрінде жіберілген бір реттік құпия сөздің көмегімен рәсімделеді.

Аты-жөні \$_{fio}\$

ЭҚ \$_{signature}\$

Қолы

При этом, мне известно, что согласно Закона я, либо мой законный представитель, не вправе отозвать настоящее Согласие в случаях, если этот отзыв будет противоречить Закону, либо при наличии неисполненных мной обязательств перед МФО или третьими лицами, которые могут затрагивать интересы МФО.

Настоящим подтверждаю, что каких-либо претензий к МФО касательно сбора и обработки персональных данных в дальнейшем иметь не буду, при условии соблюдения им требований Закона и/или наших договоренностей.

ФИО \$_{fio}\$ _____

В соответствии со статьей 8 Закон Республики Казахстан от 21 мая 2013 года № 94-V «О персональных данных и их защите» согласия оформляются письменно или в форме электронного документа, в том числе с помощью одноразового пароля отправленного на абонентский номер сотовой связи \$_{number_phone}\$ в виде короткого текстового сообщения (SMS).

Аты-жөні \$_{fio}\$

ЭҚ \$_{signature}\$

Қолы

«Робокэш.кз» МҚҰ» ЖШС
микрокредиттер беру ережесіне
№4 қосымша

«\${date}.\${month}.\${year}» жылғы

от «\${date}.\${month}.\${year}» года

«Робокэш.кз» МҚҰ» ЖШС басшысына
«Бірінші кредиттік бюро» ЖШС басшысына
«Мемлекеттік кредиттік бюро» АҚ басшысына

Руководителю ТОО «МФО «Робокэш.кз»
Руководителю ТОО «Первое кредитное бюро»
Руководителю АО «Государственное кредитное бюро»

**Кредиттік тарих субъектісінің кредиттік бюродан
кредиттік есепті алушыға кредиттік есепті беруге
келісімі**

**Согласие субъекта кредитной истории на выдачу
кредитного отчета получателю кредитного отчета из
кредитного бюро**

\${date}.\${month}.\${year}.жылы, жергілікті уақыт
\${hour}.сағат \${minute}.минут

\${date}.\${month}.\${year}.года, местное время
\${hour}.часов \${minute}.минут

Мен, \${fio}, ЖСН \${iin}, №\${id_number}, \${date_v}, \${
address_kaz }

Я, \${fio}, ИИН \${iin}, №\${id_number}, от \${date_v},
\${address}

(тегі, аты, әкесінің аты (егер бар болса), туған күні мен жері, тұрғылықты жері, жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі мен күні).

(фамилия, имя, отчество (если имеется), дата и место рождения, место жительства, номер и дата документа, удостоверяющего личность).

Кредиттік бюроньң мен туралы соңғы ақпаратты алған күнінен бастап 5 (бес) жыл бұрын кредиттік бюро алған деректерді қоса алғанда, кез келген кредиттік бюродан «Робокэш.кз» МҚҰ» ЖШС-не кредиттік есепті, оның ішінде болашақта кредиттік бюрларға түсетін деректерді беруге келісім беремін.

Даю согласие на выдачу ТОО «МФО «Робокэш.кз» кредитного отчета с любых кредитных бюро, включая данные, которые были получены кредитным бюро ранее 5 (пяти) лет с даты получения кредитным бюро последней информации обо мне, в том числе данные, которые поступят в кредитные бюро в будущем.

ТАӘ \${fio}

ФИО \${fio}

Қағаз тасымалдауышта келісім берілген жағдайда мынадай мәтінмен толықтырылады:

В случае предоставления согласия на бумажном носителе дополняется следующим текстом:

ТАӘ \${fio}

қолы

ФИО \${fio}

подпись

Осы келісім қабылданды: «Робокэш.кз» МҚҰ» ЖШС

Настоящее согласие принято: ТОО «МФО «Робокэш.кз»

(Келісімді қабылдаған тұлғаның ТАӘ, лауазымы)

(қолы)

(ФИО, должность лица, принявшего согласие)

(подпись)

«Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V Заңының 8-бабына сәйкес келісім жазбаша немесе электрондық құжат түрінде, оның ішінде ұялы байланыстың абоненттік нөміріне \${number_phone} жіберілген бір реттік құпиясөздің көмегімен қысқа мәтіндік хабарлама (SMS) түрінде ресімделеді.

В соответствии со статьей 8 Закон Республики Казахстан от 21 мая 2013 года № 94-V «О персональных данных и их защите» согласия оформляются письменно или в форме электронного документа, в том числе с помощью одноразового пароля отправленного на абонентский номер сотовой связи \${number_phone} в виде короткого текстового сообщения (SMS).

«Робокэш.кз» МҚҰ» ЖШС
микрокредиттер беру ережесіне
№5 қосымша

«Робокэш.кз» МҚҰ» ЖШС басшысына
«Бірінші кредиттік бюро» ЖШС басшысына
«Мемлекеттік кредиттік бюро» АҚ басшысына

Руководителю ТОО «МФО «Робокэш.кз»
Руководителю ТОО «Первое кредитное бюро»
Руководителю АО «Государственное кредитное
бюро»

«\${date}.\${month}.\${year}» жылғы

от «\${date}.\${month}.\${year}» года

**Кредиттік тарих субъектісінің ол туралы
ақпаратты кредиттік бюроларға беруге келісімі**

**Согласие субъекта кредитной истории на
предоставление информации о нем в кредитные
бюро**

«\${date}» \${month} \${year} жылы, жергілікті уақыт
\${hour} сағат \${minute} минут

«\${date}» \${month} \${year} года, местное время
\${hour} часов \${minute} минут

Мен, \${fio}, ЖСН \${iin}, № \${id_number}, \${date_v},
\${address_kaz}

Я, \${fio}, ИИН \${iin}, № \${id_number}, \${date_v},
\${address}

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), туған күні мен
жері, тұрғылықты жері, жеке басын куәландыратын
күжаттың нөмірі мен күні).

(фамилия, имя, отчество (если имеется), дата и место
рождения, место жительства, номер и дата документа,
удостоверяющего личность).

«Робокэш.кз» МҚҰ» ЖШС-дегі менің қаржылық
және мүліктік сипаттағы басқа міндеттемелеріме
қатысты мен туралы ақпарат «Бірінші кредиттік
бюро» ЖШС-не және «Мемлекеттік кредиттік бюро»
АҚ-на ұсынылатынына келісімді беремін.

Даю настоящее согласие в том, что информация обо
мне, касающаяся моих финансовых и других
обязательств имущественного характера, находящаяся
в ТОО «МФО «Робокэш.кз» будет предоставлена в
ТОО «Первое кредитное бюро» и АО
«Государственное кредитное бюро».

ТАӘ
\${fio}_____

ФИО
\${fio}_____

*Қағаз тасымалдауышта келісім берілген жағдайда
мынадай мәтінмен толықтырылады:*

*В случае предоставления согласия на бумажном носителе
дополняется следующим текстом:*

ТАӘ \${fio} _____ қолы \${signature}

ФИО \${fio} _____ подпись \${signature}

Осы келісім қабылданды: «Робокэш.кз» МҚҰ» ЖШС

Настоящее согласие принято: ТОО «МФО
«Робокэш.кз»

_____ (Келісімді қабылдаған тұлғаның ТАӘ, лауазымы) (қолы)

_____ (ФИО, должность лица, принявшего согласие) (подпись)

«Дербес деректер және оларды қорғау туралы»
Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21
мамырдағы № 94-V Заңының 8-бабына сәйкес
келісім жазбаша немесе электрондық құжат түрінде,
оның ішінде ұялы байланыстың абоненттік нөміріне
\${number_phone} жіберілген бір реттік құпиясөздің
көмегімен қысқа мәтіндік хабарлама (SMS) түрінде
ресімделеді.

В соответствии со статьей 8 Закон Республики
Казахстан от 21 мая 2013 года № 94-V «О
персональных данных и их защите» согласия
оформляются письменно или в форме электронного
документа, в том числе с помощью одноразового
пароля отправленного на абонентский номер сотовой
связи \${number_phone} в виде короткого текстового
сообщения (SMS).

`\${date}.\${month}.\${year} жылғы

от `\${date}.\${month}.\${year} года

«ЕРДО» АҚ басшысына
«БЖЗҚ» АҚ басшысына
«Робокэш.кз» МҚҰ» ЖШС басшысына
«Бірінші кредиттік бюро» ЖШС басшысына
«Мемлекеттік кредиттік бюро» АҚ басшысына

Руководителю АО «ЦРТР»
Руководителю АО «ЕНПФ»
Руководителю ТОО МФО «Робокэш.кз»
Руководителю ТОО «Первое кредитное бюро»
Руководителю АО «Государственное кредитное бюро»

Салымшының (алушының) келісімі

Согласие вкладчика (получателя)

`\${date}.\${month}.\${year} жылы, жергілікті уақыт
`\${hour}.сағат `\${minute}.минут

`\${date}.\${month}.\${year}.года, местное время
`\${hour}.часов `\${minute}.минут

Мен, `\${fio}, ЖСН `\${iin}, №`\${id_number}, от `\${date_v},
`\${address_kaz}

Я, `\${fio}, ИИН `\${iin}, №`\${id_number}, от `\${date_v},
`\${address}

«Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 57-бабына, сондай-ақ «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабына сәйкес менің кредиттік қабілетімді бағалау мақсатында «ЕРДО» АҚ, «БЖЗҚ» АҚ, «Робокэш.кз» МҚҰ» ЖШС, «Бірінші кредиттік бюро» ЖШС және «Мемлекеттік кредиттік бюро» АҚ үшін менің дербес деректерімді жинауға және өндеуге, менің дербес деректерімді және зейнетақы жинақтарымның құпиясын құрайтын мәліметтерді ашуға және алуға келісімімді беремін.

В соответствии со ст.57 Закона Республики Казахстан «О пенсионном обеспечении в Республике Казахстана», а также ст. 15 Закона Республики Казахстан «О персональных данных и их защите» настоящим даю свое согласие на сбор и обработку моих персональных данных, на раскрытие и получение моих персональных данных и сведений, составляющих тайну моих пенсионных накоплений для АО «ЦРТР», АО «ЕНПФ», ТОО «МФО «Робокэш.кз», ТОО «Первое кредитное бюро» и АО «Государственное кредитное бюро» в целях оценки моей кредитоспособности.

ТАӘ `\${fio}

ФИО `\${fio}

«Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V Заңының 8-бабына сәйкес келісім жазбаша немесе электрондық құжат түрінде, оның ішінде ұялы байланыстың абоненттік нөміріне `\${number_phone} жіберілген бір реттік құпиясөздің көмегімен қысқа мәтіндік хабарлама (SMS) түрінде ресімделеді.

В соответствии со статьей 8 Закон Республики Казахстан от 21 мая 2013 года № 94-V «О персональных данных и их защите» согласия оформляются письменно или в форме электронного документа, в том числе с помощью одноразового пароля отправленного на абонентский номер сотовой связи `\${number_phone} в виде короткого текстового сообщения (SMS).

Роботинка МКУ ЖИО
муниципальное предприятие
100 МДО

Муниципальное предприятие
100 МДО

Муниципальное предприятие
100 МДО

Муниципальное предприятие
100 МДО

Муниципальное предприятие
100 МДО

Муниципальное предприятие
100 МДО

Муниципальное предприятие
100 МДО

Муниципальное предприятие
100 МДО

Муниципальное предприятие
100 МДО

Муниципальное предприятие
100 МДО

Муниципальное предприятие
100 МДО

Муниципальное предприятие
100 МДО

Муниципальное предприятие
100 МДО

Муниципальное предприятие
100 МДО

Прошито, пронумеровано на
«17» листах
Подпись